



201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ Астана, Үкімет Үйі « » \_\_\_\_\_ 201\_\_ года \_\_\_\_\_

№ № \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ данасы

экз. № \_\_\_\_\_

№ исх: 11-6/2780 от: 10.11.2017

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
Қ. Т. Ержан  
А. Ж. Ералиевке

2017 жылғы 12 қазандағы № ДС-242

### Құрметті депутаттар!

Халықты ауыз сумен қамтамасыз етуге, сондай-ақ су-энергетикалық және экологиялық қауіпсіздікке қатысты депутаттық сауалға мынаны хабарлаймын.

#### *Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі бойынша*

2011-2016 жылдар кезеңінде сумен жабдықтау жүйесін дамытуға бағытталған 1520 жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен 438,1 млрд. теңге бөлінді, нәтижесінде 18 мың километрден астам сумен жабдықтау желісі салынды және реконструкцияланды.

Ағымдағы жылы 150 жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен 50,9 млрд. теңге көзделген. 2,1 мың шақырым сумен жабдықтау желісін салу және реконструкциялау жоспарланып отыр.

Нәтижесінде орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізумен қалалық жерде 9,5 млн. адам (10,2 млн. адамнан) немесе 92,9%-ы сумен қамтамасыз етілді. 6601 ауылдың 3671-і немесе 55,6%-ы халықтың 6,2 млн. адамын қамти отырып, орталықтандырылған сумен жабдықтау қамтамасыз етілді.

Өңірлерді дамыту бағдарламасында ауылдарды орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізу көрсеткіші ауылдық елді мекендердің санымен ескерілетінін атап өткен жөн.

Бұл ретте, егер саны 6,2 млн. адам саны (7,7 млн. адамнан) орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз етілген ауыл халқының есебін алатын болсақ, онда көрсеткіш 80,3%-ын құрайтын болады.

Осылайша, орталықтандырылған сумен жабдықтау қызметтерімен елдегі халықтың 87,5%-ы немесе 15,7 млн. адам қамтылған.

***Өгем өзенінің су ресурстарын пайдалану және жер асты су көздерін***

***пайдалану мәселесі (бұдан әрі – жоба) бойынша***

Қазіргі кезде Оңтүстік Қазақстан облысының жекелеген аудандарын сумен жабдықтау мәселесі қаралуда және елді мекендерді сумен қамтамасыз етудің экономикалық тиімділігін анықтау үшін Өгем өзенінің су ресурстарын пайдаланудың техника-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеу жоспарланып отыр.

Өгем өзенінің трансшекаралық сипатын, өзбек тарапымен Өгем өзенінің сағасын пайдалану көлемі, ол өз кезегінде Оңтүстік Қазақстан облысында ауыз су тапшылығын жабуға мүмкіндік беретін 3-3,5 м<sup>3</sup>/с мөлшеріндегі перспективасын ескере отырып келісілген болатын.

ТЭН-ге халқы ауыз суға тапшы аудандар, оның ішінде Шардара және Мақтарал аудандарын енгізу ұйғарылып отыр.

Бұл ретте Шардара ауданының елді мекендерін сумен жабдықтау мәселесі Шардара-Байырқұм кен орнының Тама және Тастамбек учаскелерінен де, сол сияқты Өгем өзенінен де елді мекендердің су көздерінен алыстығы ескеріле отырып қарастырылатын болады.

***Қазақстанның трансшекаралық су объектілерінің көлемі мен сапасына тәуелділігі, шекаралас маңы елдерімен су-экологиялық және су-энергетикалық проблемаларды реттеу мәселелері бойынша***

Трансшекаралық өзендердің су ресурстарының әділ және ұтымды пайдаланылуын, шекаралас мемлекеттерімен су-экологиялық және су-энергетикалық проблемаларды реттелуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан қолданыстағы келісімдер мен бірлескен комиссиялар, жұмыс топтары шеңберінде іргелес мемлекеттермен белсенді өзара іс-қимыл жүргізуде.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы су қатынастары 2001 жылғы 12 қыркүйектегі Елдер Үкіметтері арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімімен реттеледі.

Арал теңізі бассейнінде тараптар (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан) Трансшекаралық су ресурстарын басқару және реттеу мәселелері жөніндегі мемлекетаралық үйлестіру су шаруашылығы комиссиясы (бұдан әрі – МҮСК) шеңберінде белсенді өзара іс-қимыл жасауда. Бұл ретте, қазіргі уақытта МҮСК шеңберінде ынтымақтастық қырғыз тарапының Халықаралық Аралды құтқару қорына (бұдан әрі – ХАҚҚ) қатысуын тоқтатып тастау себебінен қиындық туғызып отыр. Осылайша, Тоқтағұл су қоймасын қырғыз тарапының өзге тараптардың мүддесін ескермей, бір жақты басқаруы Сырдария өзенінің төменгі ағысында су шаруашылығы жағдайын қиындатуда.

Туындаған жағдайды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ХАҚҚ Басқармасы мүшелеріне барлық қатысушы мемлекеттердің мүдделерін ескере отырып, ХАҚҚ қызметін жетілдіру жөніндегі жұмысты жандандыру туралы ұсыныстары бар хат жолдады.

Бұл ретте, 2018 жылы Түркіменстанда өзекті мәселелерді қарауға арналған ХАҚҚ-ның құрылтайшы мемлекеттері Басшыларының Саммитін

өткізу жоспарланып отыр.

Шу және Талас өзендерінің бассейндері бойынша Қазақстан және Қырғызстан осы өзендерде мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану туралы елдер Үкіметтері арасындағы келісім шеңберінде өзара іс-қимыл жасайды. Бұл келісім шеңберінде Шу-Талас су шаруашылығы комиссиясы құрылып, жұмыс істеуде, ол Шу және Талас өзендері бассейндеріндегі су шаруашылығы және басқа да мәселелерді қарайды.

Трансшекаралық өзендер бассейні елдері арасындағы су қатынастарын дамыту ұзақ уақытты талап ететінін және Қазақстан іргелес елдермен ынтымақтастықты дамыту бойынша жұмысы жалғастыратынын атап өткен жөн.

***Шардара су қоймасынан 2,2 млрд. текше метр су жіберу мәселесі бойынша***

МҮСК отырысында бекітілген Нарын-Сырдария су қоймасы каскадының жұмыс режимінің кесте-болжамдары негізінде және Шардара су қоймасының көпжылғы жұмыс режимін талдауды және су шаруашылығы жай-күйін ескере отырып, Шардара су қоймасынан төмен Сырдария өзенінің су ресурстарын жедел реттеуді Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – «Қазсушар» РМК) жүзеге асырады.

Сырдария бассейнінің су ресурстарын кешенді пайдалану схемасына сәйкес Қазақстан Республикасының үлесі 12 текше шақырым, ал құрғақшылық жылдары (90% қамтамасыз етілген кезде) жылына 10 текше километр болып белгіленді.

Бұл ретте ағымдағы жылғы қаңтар айынан бастап сәуір айына дейін ғана Шардара су қоймасына 13 млрд. текше метр су келіп құйылған.

2016 жылғы 8-9 желтоқсанда Ташкент қаласында өткен Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы барлық су қатынастарының бағыттары бойынша екі жақты ынтымақтастықты тереңдету туралы ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының бірінші отырысы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау үшін ағымдағы жылы Арнасайдың төменгі жағына су жіберу жүзеге асырылды.

***Қаратау қаласындағы кәріздік тұндырғышқа тазаланбаған қалдықтарды төгу мәселесі бойынша***

Осы факті бойынша Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Жамбыл облысы бойынша экология департаменті «TalasInvestmentCompany» ЖШС-ге (натрий цианидін өндіру жөніндегі зауыт) және сарқынды суларды қабылдау бойынша қызмет көрсететін Талас ауданы әкімдігінің «Игілік» КБК» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға (бұдан әрі – кәсіпорын) жоспардан тыс тексеріс жүргізілді.

Тексеріс барысында зауыттың мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысымен белгіленген жобалық шешімдердің нормаларын

сақтамағаны анықталды, өз кезегінде кәсіпорын жобада және қоршаған ортаға эмиссияларға берілетін рұқсаттарда көзделмеген өндірістік сарқынды суларды қабылдаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде кәсіпорынның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 324, 326, 328, 331-баптары бойынша жалпы сомасы 1 066 430 теңгеге әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен қатар, 2017 жылғы 3 қазанда тұндырғыш-тоғанда цианидтің болуына арналған сынама алу қайта жүргізілді, «Алтынбек» жинақтағыш-тоғанынан да топырақ сынамалары алынды. Өлшем нәтижелері бойынша топырақ құрамында цианид жоқ, «Алтынбек» жинақтағыш-тоғанындағы концентраттың шекті рұқсат берілген көрсеткіші 0,016 мг/дм<sup>3</sup> құрайды, бұл нормативтерге (0,035 мг/дм<sup>3</sup>) сәйкес келеді.

***Көктемгі су тасқыны және су қоймалары жұмысының режимін сақтау мәселесі бойынша***

Өткен жылдың тәжірибесін негізге алып су тасқыны кезеңіне дайындық шеңберінде, еліміздің барлық өңірлерінде су тасқынының апатсыз өтуіне дайындық жұмыстары жүргізілді.

Әр су қоймасы үшін су қоймасының толуына қарай және Энергетика министрлігі «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – «Қазгидромет» РМК) болжамы бойынша күтілетін су түсіміне су тасқынының өту кестесі әзірленді және бекітілді.

2017 жылғы су тасқыны кезеңіне де төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөнінде комиссиялар құрылды, олардың құрамына «Қазсушар» РМК-ның филиалдарының, «Қазгидромет» РМК-нің және Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің бассейндік инспекцияларының өкілдері енді.

Су тасқыны кезеңі басталғанға дейін, су тасқынын апатсыз өткізу мақсатында қатты су тасқынына арналған су қоймаларында тасқын суларды жинақтауға және бағытын өзгертуге арналған қосалқы бос сыйымдылық қорлармен қамтамасыз етілген. Бұдан басқа өзендердің арнасын шаю, сондай-ақ іргелес аумақтардың су астында қалуын болдырмау үшін ірі арналы су қоймаларынан су ағызу жұмыстары жүргізілді.

Су қоймаларының жұмыс режиміне күнделікті мониторинг жүзеге асырылады, барлық республикалық объектілерде тәулік бойына кезекшілік ұйымдастырылды. Қауіпті учаскелерде бұзып кетуді болдырмау үшін құрылыс және басқа да инерттік материалдардың қажетті қорлары, сондай-ақ тиісті техника мен механизмдер дайындалған.

Еліміздің су шаруашылығы объектілері 2016-2017 жылдардың қысқы жағдайдағы жұмысқа республикалық су шаруашылығы объектілерін қыс кезеңіндегі жұмыстарға дайындау бойынша жыл сайынғы бекітілетін Іс шаралары жоспары шеңберінде белгіленген шектерде кірді.

Су қауіпсіздігі мен халықты ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелері Үкіметтің ерекше бақылауында тұр.

**Б. Сағынтаев**

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
К. Ержан  
А. Ералиеву

*На № ДС-242 от 12 октября 2017 года*

**Уважаемые депутаты!**

На депутатский запрос касательно обеспечения населения питьевой водой, а также водно-энергетической и экологической безопасности, сообщая следующее.

***По вопросу обеспечения населения питьевой водой***

За 2011-2016 годы на реализацию 1520 проектов, направленных на развитие систем водоснабжения, из республиканского бюджета было выделено 438,1 млрд.тенге, в результате построено и реконструировано более 18 тысяч км. сетей водоснабжения.

В текущем году в республиканском бюджете предусмотрено 50,9 млрд.тенге на реализацию 150 проектов. Планируется построить и реконструировать 2,1 тыс. км сетей водоснабжения.

В результате, в городской местности доступом к централизованному водоснабжению обеспечено 9,5 млн.человек (*из 10,2 млн.человек*) или 92,9 %. Из 6601 сел обеспечено централизованным водоснабжением 3 671 сел или 55,6 % с охватом населения 6,2 млн.человек.

Стоит отметить, что показатель доступа к централизованному водоснабжению в селах в Программе развития регионов учитывается по количеству сельских населенных пунктов.

При этом, если брать в расчет сельское население, обеспеченное централизованным водоснабжением, в количестве 6,2 млн.человек (*из 7,7 млн.человек*), то показатель будет составлять – 80,3 %.

Таким образом, централизованными услугами водоснабжения охвачено 87,5 % населения в стране или 15,7 млн.человек.

***По вопросу использования водных ресурсов реки Угам (далее-проект) и использования источников месторождения подземных вод***

В настоящее время рассматривается вопрос водоснабжения отдельных районов Южно-Казахстанской области и для определения экономической эффективности водообеспечения населенных пунктов планируется разработка

технико-экономического обоснования (далее – ТЭО) использования водных ресурсов реки Угам.

Учитывая трансграничный характер реки Угам, с узбекской стороны были согласованы объемы использования стока реки Угам в размере 3-3,5 м<sup>3</sup>/с с учетом перспектив, который даст возможность покрыть дефицит питьевой воды в Южно-Казахстанской области.

В ТЭО предполагается включить районы, где население испытывает острый дефицит питьевой воды, в том числе Мактааральский и Шардаринский районы.

При этом, вопросы водоснабжения населенных пунктов Шардаринского района будут рассмотрены, как из участков Тама и Тастамбек Шардара-Байркумского месторождения, так и из реки Угам, с учетом отдаленности населенных пунктов от вышеуказанных источников.

***По вопросам зависимости Казахстана от объемов и качества трансграничных водных объектов, урегулирования водно-экологических и водно-энергетических проблем с приграничными странами***

В целях обеспечения справедливого и рационального использования водных ресурсов трансграничных рек, урегулирования водно-экологических и водно-энергетических проблем Казахстан активно взаимодействует с сопредельными государствами в рамках действующих Соглашений и совместных комиссий, рабочих групп.

В частности, водные отношения между Казахстаном и Китаем регулируются Соглашением между Правительствами стран о сотрудничестве в сфере использования и охраны трансграничных рек от 12 сентября 2001 года.

В бассейне Аральского моря стороны (Казахстан, Узбекистан, Кыргызстан, Таджикистан, Туркменистан) активно взаимодействуют в рамках Межгосударственной координационной водохозяйственной комиссии по вопросам управления и регулирования трансграничными водными ресурсами (далее – МКВК). При этом, сотрудничество в рамках МКВК в настоящее время осложнено по причине «замораживания» кыргызской стороной своего участия в Международном фонде спасения Арала (далее – МФСА). Таким образом, одностороннее управление кыргызской стороной Токтогульским водохранилищем, без учета интересов других сторон, создает сложную водохозяйственную обстановку в нижнем течении реки Сырдарья.

В целях урегулирования сложившейся обстановки, Правительством Казахстана направлены письма членам Правления МФСА с предложениями об активизации работы по совершенствованию деятельности МФСА с учетом интересов всех стран участниц.

При этом, в 2018 году в Туркменистане планируется проведение Саммита Глав государств-учредителей МФСА для рассмотрения актуальных вопросов.

По бассейнам рек Чу и Талас, Казахстан и Кыргызстан взаимодействуют в рамках Соглашения между Правительствами стран об использовании водохозяйственных сооружений межгосударственного

пользования на этих реках. В рамках этого Соглашения создана и действует Чу-Таласская водохозяйственная комиссия, которая рассматривает водохозяйственные и другие вопросы в бассейнах рек Чу и Талас.

Стоит отметить, что развитие водных отношений между странами бассейна трансграничной реки требует длительного времени и Казахстан продолжает работу по развитию сотрудничества с сопредельными странами.

***По вопросу сброса 2,2 млрд.м<sup>3</sup> воды из Шардаринского водохранилища***

На основании графика-прогнозов режима работы Нарын-Сырдарьинского каскада водохранилищ, утвержденного на заседаниях МКВК, и с учетом анализа многолетнего режима работы Шардаринского водохранилища и водохозяйственной обстановки, республиканским государственным предприятием «Казводхоз» Комитета по водным ресурсам Министерства сельского хозяйства (далее – РГП «Казводхоз») осуществляется оперативное регулирование водными ресурсами реки Сырдарья ниже Шардаринского водохранилища.

Согласно схеме комплексного использования водных ресурсов бассейна реки Сырдарья, доля Республики Казахстан установлена в объеме 12 км<sup>3</sup> в год, а в засушливые годы (90% обеспеченности) – 10 км<sup>3</sup> в год.

При этом в текущем году только с января по апрель в Шардаринское водохранилище поступило около 13 млрд.м<sup>3</sup> воды.

Сброс воды в текущем году в Арнасайское понижение осуществлялся во исполнение договоренностей, достигнутых в ходе первого заседания рабочей группы по выработке предложений по углублению двустороннего сотрудничества по всем направлениям водных отношений между Республикой Казахстан и Республикой Узбекистан, которое состоялось 8-9 декабря 2016 года в г.Ташкенте.

***По вопросу слива неочищенных отходов в канализационный отстойник города Каратау***

По данному факту Департаментом экологии по Жамбылской области Комитета экологического регулирования и контроля Министерства энергетики была проведена внеплановая проверка ТОО «TalasInvestmentCompani» (завод по производству цианида натрия) и коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «МПП «Игилик» акимата Таласского района (далее – предприятие), оказывающего услуги по приему сточных вод.

В ходе проверки установлено, что заводом не соблюдены нормы проектных решений, установленных заключением государственной экологической экспертизы, а предприятием в свою очередь были приняты производственные сточные воды, не предусмотренные проектом и разрешением на эмиссии в окружающую среду.

На основании вышеизложенного, должностные лица предприятия привлечены к административной ответственности по статьям 324, 326, 328, 331 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях на общую сумму 1 066 430 тенге.

Наряду с этим, 3 октября 2017 года были повторно проведены отборы проб на содержание цианида на пруде-отстойнике, отобраны пробы почвы на пруде-накопителе «Алтынбек». По результатам замеров в почве содержание цианида отсутствует, в пруде-накопителе «Алтынбек» показатель предельно-допустимой концентрации цианида составляет 0,016 мг/дм<sup>3</sup>, что соответствует нормативам (0,035 мг/дм<sup>3</sup>).

***По вопросу весенних паводков и соблюдения режима работы водохранилищ***

В рамках подготовки к паводковому периоду, основываясь на опыте прошлого года, велась подготовительная работа к безаварийному пропуску половодья во всех регионах страны.

Для каждого водохранилища были разработаны и утверждены графики пропуска паводка в зависимости от наполнения водохранилища и ожидаемым поступлениям по прогнозу республиканского государственного предприятия «Казгидромет» Министерства энергетики (далее – РГП «Казгидромет»).

Также, были созданы комиссии по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуации на паводковый период 2017 года, в состав которых вошли представители филиалов РГП «Казводхоз», РГП «Казгидромет» и бассейновых инспекций Комитета по водным ресурсам Министерства сельского хозяйства.

До начала паводкового периода, в целях безаварийного прохождения паводка, был обеспечен запас свободных емкостей в водохранилищах для аккумуляции паводковых вод и маневренности при интенсивном паводке. Кроме того, для промывки русла рек, а также во избежание подтопления прилегающих территорий, проводились сбросы воды с крупных русловых водохранилищ.

Осуществлялся ежедневный мониторинг режима работ водохранилищ, на всех республиканских объектах были организованы круглосуточные дежурства. На опасных участках для предотвращения прорыва были подготовлены необходимые запасы строительных и других инертных материалов, а также подготовлены соответствующая техника и механизмы.

Водохозяйственные объекты страны к работе в зимних условиях 2016-2017 годов вошли в установленных пределах, в рамках ежегодно утверждаемого Плана мероприятий по подготовке республиканских водохозяйственных объектов к работе в зимний период.

Вопросы водной безопасности и обеспечения населения питьевой водой Правительством держатся на особом контроле.

**Б. Сагинтаев**